





**«Самұрық-Энерго» АҚ-ның
2025 жылғы 6 айдағы қызметінің нәтижелері**

Астана қ. 2025ж.


ЖАЛПЫ ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША ЭЛЕКТР
ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ





	30.06.2024 жыл	30.06.2025 жыл	%
KZT/USD	454,56	514,72	113%




ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША ЖАЛПЫ ЭЛЕКТР
ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ



	30.06.2024 жыл	30.06.2025 жыл	%
KZT/EUR	502,24	592,05	118%




	30.06.2024 жыл	30.06.2025 жыл	%
KZT/RUB	5,06	6,54	129%




Мерзімі (01.01.2025-30.06.2025)	Оқиғалар
25 ақпан 2025 ж.	АХҚО биржасында I-REC (International Renewable Energy Certificate) «жасыл» сертификаттарының сауда-саттығы басталды. Дебюттік мәміле «Samruk-Green Energy» ЖШС i-REC сертификаттарын Лондондық valor Carbon сауда компаниясының пайдасына сату болды.
17 сәуір 2025 ж.	«ГРЭС-3 жаңа станциясының құрылысы» жобасының алдын ала техникалық – экономикалық негіздемесін (бұдан әрі-ТЭН алдындағы) әзірлеу аяқталды.
30 мамыр 2025 ж.	«Самұрық-Энерго» АҚ мен SACE S. P.a. арасында Италия Республикасы Министрлер Кеңесінің Төрағасы Джорджи Мелонидің Қазақстанға ресми сапары шеңберінде өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды. Құжат ақпарат алмасуды, инвестициялық жобаларды және итальяндық компаниялардың шетелдік қызметін қолдау тетіктерін пысықтауды, сондай-ақ қаржыландырудың ықтимал көлемі 300 млн еуроға дейінгі «Самұрық-Энерго» АҚ жобаларына шағын және орта кәсіпорындардың қатысуын қоса алғанда, энергетика секторындағы ынтымақтастықты дамытуды көздейді.
30 мамыр 202ж г.	«ГРЭС-3 жаңа станциясының құрылысы» жобасының алдын алаТЭН құжаты Астана қаласы бойынша Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментімен жасалған сыйға тарту шартына және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігімен қабылдау-тапсыру актісіне қол қою арқылы мемлекеттік меншікке берілді.
30 мамыр 2025ж.	«№3 және №4 энергия блоктарын орнату арқылы Екібастұз ГРЭС-2 нысанын кеңейту және реконструкциялау» жобасы шеңберінде құрамына «KBI Energy Group» ЖШС (ҚР, консорциум көшбасшысы), «СТРОЙИНДУСТРИЯ» ЖШС (ҚР, жобалаушы) және «Энерго арнайы Строй» ЖШС (ҚР, жабдық жеткізуші) енетін жаңа құрамдағы консорциуммен ЕРС-келісімшарт жасалды.
4 маусым 2025 ж.	«Алматы ЖЭО-3 нысанын қайта құру» жобасы іске асыру шеңберінде «АлЭС» АҚ жарғылық капиталын жалпы сомасы 11 454 234 мың теңгеге толықтыру жүзеге асырылды, оның 6 454 795 мың теңгесі Қоғамның жалғыз акционері акцияларды басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру арқылы Қоғамның жай акцияларын орналастыру арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ қаржыландырды.
24 маусым 2025 ж.	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі мен «Көкшетау ЖЭО» ЖШС арасында Көкшетау қаласында жылу электр орталығын салуға шарт жасалды.
27 маусым 2025ж.	«Қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып, Алматы ЖЭО-2 жаңғырту» жобасы бойынша Siemens Energy өндірген газ турбиналық қондырғысының бірінші жиынтығын генератор мен турбина іргетасына орнату аяқталды.
16 маусым 2025 ж.	Power Central Asia+China энергетикалық форумы алаңдарында «Самұрық-Энерго» АҚ мен КМКВХЭ «Қытай халықаралық Су шаруашылығы және энергетика корпорациясы» МК арасында Қазақстандағы алғашқы ГАЭС салу жобасы бойынша ынтымақтастық туралы келісімге (Cooperation Agreement) қол қойылды.
16 маусым 2025 ж.	Құрамына «Гидропроект институты» АҚ және «Қазақ Су шаруашылығы ғылыми - зерттеу институты» ЖШС енетін консорциумнан - бір көзден «Шүлбі СЭС екінші кезегінің ТЭН құжатын әзірлеу» жөніндегі қызметтерді сатып алу туралы ҚРРК қабылданды.
16 маусым 2025 ж.	Астанада «Орталық Азия – Қытай» саммиті аясында ұйымдастырылған Power Central Asia + China өңірлік энергетикалық форумында «СНЭ-мен қуаты 300 МВт КЭС салу» жобасы бойынша «ЖЭК қолдау жөніндегі ЕҚО» ЖШС мен China Energy Overseas Investment Co., LTD арасында электр энергиясын сатып алу-сату шартына (PPA) қол қойылды.
18 маусым 2025 ж.	«China Power International Holding (CPIH)» компаниясымен бірлесіп энергия жинақтау жүйесі бар 1 ГВт ЖЭС салу» жобасы бойынша Qazaq Green Power және CPIH арасында акционерлік келісімге (SHA) қол қойылды.


«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-НЫҢ ҚР БОЙЫНША 2025 ЖЫЛҒЫ 6 АЙДАҒЫ ЖАЛПЫ ӨНДІРІСТЕГІ ҮЛЕСІ




«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-НЫҢ ҚР БОЙЫНША 2024 ЖЫЛҒЫ 6 АЙДАҒЫ ЖАЛПЫ ӨНДІРІСТЕГІ ҮЛЕСІ



Э.э. өндіру көлемі (млн кВтс) ЖЭС, ЖЭО




Э.э. өндіру көлемі (млн кВтс) на СЭС, ЖЭС, КЭС



Түсіндірме:
2025 жылдың I жартыжылдығында электр энергиясын өндіру көлемі 20 505 млн. кВтсағ (2024 жылдың I жартыжылдығына қарағанда 48 млн. кВтсағ ұлғайды) құрады. ЭГРЭС-1-де 217 млн.кВтсағ көлемінде генерацияны ұлғайту есебінен негізгі өсім, "АлЭС" АҚ құрамындағы гидроэлектростанциялар +31 млн. кВтсағ, Мойнақ ГЭС + 41 млн. кВтсағ. Бұл ретте, "АлЭС" АҚ (ЖЭО) -9 млн. кВтсағ және Шүлбі ГЭС – 132 млн. кВтсағ бойынша төмендеу байқалады


Электр энергиясын беру көлемі (млн. кВт.с) және желілердегі шығындар (%)



Түсініктеме:

АЖК: бойынша электр энергиясын беру көлемі 2025 жылдың 6 айында - 4 831 млн кВтсағ құрады., 2024 жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда көлемнің ұлғаюы - 4 528 млн кВтсағ. (303 млн.кВт/сағ немесе 6,7% - ға ұлғайды). Өсім Алматы өңірі бойынша тұтынудың ұлғаюы есебінен.

Электр беру желілерінің ұзындығы(км.)



Түсініктеме:


2024 жылдың қорытындысы бойынша АЖК-ның электр беру желілерінің ұзындығы 30 722 км құрады (2023 жылмен салыстырғанда 482 км-ге ұлғайды). Өсім иесіз желілерді теңгерімге қабылдаумен байланысты болып отыр. Деректер жыл соңында жаңартылады.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН САТУ, АЛМАТЫЭНЕРГОСБЫТ

Атауы	Нақты 6 ай 2024ж.	Нақты 6 ай 2025ж.	Айырма	%
АлматыЭнергоСбыт				
Тұтынушылар саны, с. і:	969 866	1 002 020	32 154	3%
Тұрғындар	927 014	956 256	29 242	3%
Заңды тұлғалар	42 852	45 764	2 912	7%
Сату көлемі , млн кВт	4 049	4 761	712	18%

«АЖК» АҚ филиалы – «Энергосбыт» (бұдан әрі – «Энергосбыт») филиалының электр энергиясын сатудағы жалпы көлемі есепті 18% - ға артық, бұл көрсеткіш 2024 жылғы 1 сәуірден бастап реттелмейтін ЭЖО қызметінің тоқтатылуына және 297 тұтынушы заңды тұлғалар санатындағы компанияның «Энергосбытқа» қызмет көрсетуге қайтарылуына байланысты, сондай-ақ Алматы қаласы мен Алматы облысының кәсіпорындары мен тұрғындарының электр энергиясын тұтыну көлемінің өсуіне байланысты болып отыр.

«БОГАТЫРЬ КОМИР» ЖШС КӨМІРІН САТУ,
МЫҢ. ТОНН




2025 жылдың 1 жартыжылдығында көмірді сату көлемі 21 285 мың тоннаны құрады, 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 386 мың тоннаға немесе 2% - ға ұлғайды (20 899 мың тонна).
Экспортқа көмірді сату 924 мың тоннаға немесе 23% ұлғайды және ішкі нарықта көмірді сату көлемі 533 мың тоннаға немесе 3% - ға төмендеді.

Есептегі пайда мен залал туралы елеулі өзгерістер



Миллион теңгемен	2025ж. 1-жж.	2024ж.1-жж.	Өзгеріс	%
1 Жалғасытын қызмет				
Түсім	386 952	281 107	105 845	38%
2 Өзіндік құн	(222 077)	(173 929)	(48 148)	28%
Жалпы пайда	164 875	107 179		54%
3 Жалпы және әкімшілік шығыстар	(14 701)	(9 259)	(5 442)	59%
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	(4 905)	(4 485)	421	9%
4 Операциялық қызметтен түскен пайда/(залал)	145 268	93 435	51 833	55%

Таза пайда, млн.теңге



Миллион теңгемен	2025 ж. 1-жж.	2024 ж. 1-жж	Өзгеріс	%
Қаржыландырудан түскен кіріс	7 551	3 837	3 714	97%
Қаржыландыруға жұмсалатын шығыстар	(17 984)	(14 856)	(3 128)	21%
Өзге операциялық емес кіріс/шығыс	455	629	(174)	-28%
Құнсызданудан келген залал, нетто	(2 294)	(3 204)	910	-28%
ҚК БК пайдасындағы үлес, нетто	9 262	4 835	4 427	92% 5
Бағам айырмасы, нетто	145	2	144	8192%
КТС-ны есепке алғанға дейінгі пайда/(залал)	142 404	84 678	57 726	68%
Табыс салығы бойынша шығыстар	(31 225)	(16 356)	(14 869)	91%
Жалғасатын қызметтен шеккен таза залал	111 179	68 322	42 857	63%
Тоқтатылған қызметтен түскен пайда/(залал)	-	-	-	
Кезең ішіндегі таза пайда/(залал)	111 179	68 322	42 857	63%
Мыналарға бөлгендегі таза пайда:				
Бас компанияның акционеріне	109 106	68 199	40 907	60%
Бақыланбайтын қатысу үлесіне	2 073	123	1 950	1586%
	111 179	68 322	42 857	63%

Комментарийлер:

1 Түсімнің өзгерісінің негізгі факторлары №8 слайдта көрсетілген;


2 3 4 Өзіндік құнның өзгерісі, ЖӘШ және операциялық пайда №9 слайдта егжей-тегжейлі көрсетілген;

5 СП-дағы пайда үлесінің азаюы №10 слайдта сипатталған.

2025 ж. 1-жартыжылдығындағы түсімнің ұқсас кезеңдегі түсімнен ауытқуын талдау



а 2025 жылдың 1-жартыжылдығында түсім 386 952 млн. теңгені құрады, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 105 845 млн.теңгеге немесе 38% - ға ұлғайды.



ТҮСІМНІҢ ӨЗГЕРУІНІҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ:

Э/э және ж/э өндіру:

↑ +6 318 МЛН Т	Э/э және ж/э сату көлемі	↑ +20 489 МЛН Т	Э/э және ж/э-ға тарифтер
↑ +648 МЛН Т	Қуат сату көлемі	↑ +2 110 МЛН Т	Қуатқа арналған тарифтер

Передача и распределение э/э:

↑ +2 689 МЛН Т	Э/э беру көлемі	↑ +13 754 МЛН Т	Э/э беру тарифтері
----------------	-----------------	-----------------	--------------------

Реализация э/э:

↑ +19 477 МЛН Т	Э/э сату көлемі	↑ +8 753 МЛН Т	Э/э сату тарифтері
-----------------	-----------------	----------------	--------------------

Влияние ВГО:

↑ +31 606 МЛН Т	ТІО
-----------------	-----


Негізгі өзгерістер түсімнің мына түрлері бойынша орын алды:

+6 318 млн теңге – ЭӨҰ-ның э/э және ж/э сату көлемінің өсуі есебінен түсімнің ұлғаюы: ЕЖЭО 4 595 млн.теңгеге. Қоғамның периметріне ж/э көлемін қосу есебінен кірістердің ұлғаюы; 1-МАЭС 1 549 млн.теңгеге. Электр энергиясын сату көлемін ің 192 млн. кВтсағ ұлғайюы; БЖЭС 345 млн.теңгеге. Электр энергиясын сату көлемінің 7 млн. кВтсағ ұлғайюы; МСЭС 266 млн.теңгеге. Электр энергиясын сату көлемінің 19 млн. кВтсағ-қа ұлғайюы; Өскемен СЭС АЭС 210 млн.теңгеге. Электр энергиясын сату көлемінің 61 млн. кВтсағ ұлғайюы; ШарСЭС 97 млн.теңгеге. Электр энергиясын сату көлемінің 10 млн. кВтсағ-қа ұлғайюы СГЭС (21) млн. теңгеге. Электр энергиясын сату көлемінің (1) млн. кВтсағ-қа төмендеуі; АлЭС (164) млн.теңгеге. Ж/э сату көлемінің (48) мың Гкал-ға азаюы және э/э сату көлемінің 4 млн. кВтсағ-қа ұлғайюы; Шүлбі СЭС АЭС (559) млн.теңгеге. Электр энергиясын сату көлемінің (135) млн. кВтсағ-қа төмендеуі.


+20 489 млн. теңге – ЭӨҰ-ға тарифтің өзгеруі есебінен түсімнің ұлғаюы: 1-МАЭС 9 838 млн. теңгеге. 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда электр энергиясына орташа өлшенген нақты тарифтің 8,11-ден 8,99 теңге/кВтс-ға ұлғайюы. АлЭС 6 989 млн. теңгеге. 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда электр энергиясына орташа өлшенген нақты тарифтің 14% - ға өсуі есебінен (17,80-нен 20,30 теңге/кВтсағ. дейін), сондай-ақ ж/э тарифінің 7% - ға өсуі есебінен (5 064 теңгеден 5 402 теңгеге дейін/Гкал) ұлғаю; МСЭС 1 209 млн.теңгеге. 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда электр энергиясына орташа өлшенген нақты тарифтің 16% - ға өсуі есебінен (13,79 теңгеден 15,98 теңге/кВтсағ); ШСЭС АЭС 1 035 млн.теңгеге. 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда электр энергиясына орташа өлшенген нақты тарифтің өсуі есебінен 25% - ға ұлғаю (3,44 теңгеден 4,50 теңгеге дейін/кВтсағ); Өскемен СЭС АЭС 993 млн.теңгеге. 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда электр энергиясына орташа өлшенген нақты тарифтің 31%-ға өсуі есебінен (3,49 теңгеден 4,48 теңге/кВтсағ); БЖЭС 330 млн.теңгеге. ЖЭК-ке тарифтерді индекскеуе байланысты электр энергиясына орташа өлшенген нақты тарифтің 48,47 теңгеден 52,49 теңгеге/кВтсағ-қа дейін өсуі (8% - ға өсу); СГЭ 116 млн. теңгеге. Индекскеуе байланысты электр энергиясына орташа өлшенген нақты тарифтің өсуі есебінен 22,89 теңгеден 32,24 теңге/кВтсағ-қа дейін ұлғаю.

ШарСЭС (21) млн. теңгеге. 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда электр энергиясына орташа өлшенген нақты тарифтің (9,85 теңгеден 9,80 теңгеге/кВтсағ) (0,1)%-ға төмендеуі есебінен азаю; +648 млн. теңге – ЭӨҰ-ға қуат сату көлемінің өсуі есебінен түсімнің ұлғаюы: 1-МАЭС 752 млн.теңгеге. Қуатты қолдау бойынша қызметтер көлемінің 121 МВт*айға ұлғайюы; Өскемен СЭС АЭС 6 млн.теңгеге. Қуатты қолдау жөніндегі қызметтер көлемінің 329-дан 330 МВт*айға дейін ұлғайюы; ШарСЭС (2) млн. теңгеге. Қуатты қолдау жөніндегі қызметтер көлемінің 61,0-ден 60,8 МВт*айға дейін төмендеуі есебінен азаюы; АлЭС (108) млн. теңгеге. (15) МВт*айға қуатты қолдау бойынша қызметтер көлемінің төмендеуі; +2 110 млн. теңге – ЭӨҰ-ға қуат тарифінің өзгеруі есебінен түсімнің ұлғаюы: 1-МАЭС 1 637 млн.теңгеге. Қуатқа орташа өлшенген тарифтің айына 1 039 мың теңгеден 1 173 мың теңге/ МВт-ға дейін өсуі нәтижесінде ұлғаю. Шүлбі СЭС АЭС 346 млн.теңгеге. Қуатқа орташа өлшенген тарифтің айына 1 060 мың теңгеден 1 160 мың теңге/ МВт-ға дейін өсуі нәтижесінде ұлғаю. Өскемен СЭС АЭС 198 млн.теңгеге. Қуатқа орташа өлшенген тарифтің айына 1 060 мың теңгеден 1 160 мың теңге/ МВт-ға дейін өсуі нәтижесінде ұлғаю. АлЭС (71) млн. теңгеге. Қуатқа орташа өлшенген тарифтің айына 1 179 мың теңгеден 1 165 мың теңге/ МВт-ға дейін дейін төмендеуі нәтижесінде азаю.

+16 443 млн теңге – АЖК АЭК-ке э/э беруге тариф пен көлемнің өсуі есебінен түсімнің ұлғаюы: +13 754 млн. теңге. Орташа өлшенген тарифтің 8,87 теңге/кВтсағ-тан 11,72 теңге/кВтсағ-қа дейін ұлғаюы (өсім 32%); +2 689 млн. теңге. Электр энергиясын беру көлемінің 7%-ға немесе 30 млн. кВтсағ-қа ұлғайюы; +28 230 млн. теңге – ЭҚҰ-ны сатуға көлем мен раифтің өсуі есебінен түсімнің ұлғаюы (АЖК «Энергосбыт» филиалы): +19 477 млн. теңге. Электр энергиясын сату көлемінің 713 млн. Квтсағ. ұлғайюы; +8 753 млн. теңге. Сатуға орташа тарифтің 27,33 теңге/кВтс-дан 29,17 теңге/кВтс-ға дейін ұлғаюы (7% өсім); -31 606 млн. теңге – ТІО-ны жою ЕАҚО-мен электр энергиясын сатуға байланысты




Өзіндік құнның құрылымы:



Операциялық пайданың негізгі өзгерістері мына факторларға байланысты болды:

- 105 845 млн.теңге - Түсім (№8 слайдты қараңыз)
- (48 148) млн. теңге – Өзіндік құн, оның ішінде:
 - (14 286) млн. теңге - Отын: Шығынның ұлғаюы Богатырь Көмір көмірінің қымбаттауына байланысты 1-ЕМАЭС, АлЭС және ЕЖЭО-да негізінен көмір бойынша 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап.;
 - (4 669) млн. теңге – Сатып алынатын э/э: Бірыңғай сатып алушыдан сату көлемі мен сатып алу тарифінің өсуі есебінен ұлғаю.
 - (2 922) млн. теңге – Э/э беру: KEGOC пен АЖК-да э/э беру тарифінің ұлғаюына байланысты негізінен АЖК – Энергосбыт филиалы бойынша ұлғаю.
 - (7 440) млн. теңге – ЕҰҚ: ұлғаю негізінен өндірістік персоналдың жалақысын индекстеу есебінен, сондай-ақ Қоғамның периметріне Өскемен СЭС AES, Шүлбі СЭС AES және Екібастұз ЖЭО шығыстарын қосу;
 - (18 831) млн. теңге – Өзге: Негізінен өндіріске байланысты шығыстарды индекстеу есебінен ұлғаю, сондай-ақ Қоғамның периметріне Өскемен СЭС AES, Шүлбі СЭС AES және Екібастұз ЖЭО шығыстарын қосу;
 - (5 442) млн. теңге – ЖӘШ: Ұлғаю шығыстарды индекстеумен, сондай-ақ Қоғамның периметріне Өскемен СЭС AES, Шүлбі СЭС AES және Екібастұз ЖЭО шығыстарын қосуға байланысты.

Бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындар пайдасының үлесі



Бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындар пайдасының үлесі 2025 жылдың 1-жартыжылдығында 9 262 млн. теңгені құрады, осыған ұқсас кезеңге қатысты ұлғаю – 4 427 млн.теңге.

Негізгі өзгерістер мыналар бойынша орын алды:

Forum Muider (Богатырь Көмір) (50%) – пайда үлесін 8 487 млн.теңгеге ұлғайту негізінен 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап көмір сатудың орташа бағасын ұлғайту есебінен.

2-ЕМАЭС станциясы (50%) – техникалық суға, көмірге және ағымдағы жөндеуге және ЕҰҚ шығындарының ұлғаюы нәтижесінде операциялық пайданың 2 301 млн.теңгеге төмендеуіне байланысты қаржылық нәтиженің 2 140 млн. теңгеге нашарлауы.

Көрсеткіш	2023ж (нақты)	2024ж. 1-тоқс. (нақты)	2024 ж. 2-тоқс. (нақты)	2024ж.3-тоқс. (нақты)	2024ж. (нақты)	2025ж. 1-тоқс. (нақты)	2 025ж. 2-тоқс. (нақты)
Ағымдағы өтімділік коэффициенті	1,04	1,37	1,4	1,68	1	0,9	0,9

30.06.2025 жылға қолданыстағы жаңартылатын кредиттік желілер бойынша КО-ның қолжетімді қарыз алу лимиті - 64 млрд.теңгені құрайды, оның ішінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да - 50 млрд. теңге, «Bereke Bank» АҚ-да - 14 млрд. теңге. Сондай-ақ, «Самұрық-Энерго» АҚ-да Топтың ақша ағындарын орталықтандырылған және тиімді басқаруды қамтамасыз ететін Cash pooling тетігі бар.

Есепті күнге ЕТҰ-ның ЕДБ-дағы қолжетімді кредиттік лимиті (ПОС) 44,12 млрд.теңгені құрайды.

Жоғарыда айтылғандарды ескергенде, кассалық алшақтықтың пайда болу қаупі толығымен жойылды.

2024 жылғы 14 қазанда Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «Самұрық-Энерго» АҚ-ның шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтерін «BB+» деңгейінде растады, болжам – «Тұрақты».

Жоғарыда айтылғандарды ескергенде, кассалық алшақтықтың пайда болу қаупі толығымен жойылды.